



Педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы Бүркітбаев Талғат Сағындықұлы 1962 жылы 8 ақпанда Шымкент облысы, «Бөген» елді мекенінде дүниеге келген.

М.О.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтының «Көркем сурет және графика» факультетін 1984 жылы бітірген.

1984 жылы еңбек жолын Шымкент облысы, Бөген елді мекеніндегі «Бөген» орта мектебінде «Бейнелеу өнері және сызу» пәні мұғалімі қызметінен бастады.

1984 жылы Шымкент педагогика институты көркемсурет-графика факультетінің «Сурет» кафедрасына оқытушы қызметіне қабылданды.

1991-1992 жылдары Москва қаласындағы В.М.Ленин атындағы мемлекеттік педагогикалық институтында арнайы білім көтеру курсынан өтті. 1994-1999 жылдары факультет деканының орынбасары қызметін атқарды.

2004 жылдан Қазақстан Республикасы Дизайнерлер Одағының мүшесі.

2008 жылы Москва қаласындағы Москва мемлекеттік педагогикалық институтында 13.00.02. «Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі» мамандығы бойынша: «Народное декоративно-прикладное искусство как средство эстетического воспитания детей младшего школьного возраста» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады.

2009-2015 жылдары кафедра меңгерушісі қызметін атқарды.

Ғылыми және әдістемелік тақырыпта жазған 50 астам ғылыми мақалалары және бірнеше әдістемелік құралдары жарық көрген.

Еңбек еткен жылдарында Бүркітбаев Талғат Сағындықұлы өзін жақсы жақтарымен көрсете білді, ұйымдастыру қабілеті жоғары, өз жұмыстарына ұқыпты, қоғамдық жұмыстарға белсене араласты, ұжымда беделі жоғары.

Бүгінгі таңда Шымкент қаласындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде «Өнер және Білім» факультетінің «Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасының меңгерушісі доцент м.а. қызметінде.



